


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

4. Liu, H., & Zhang, Z. (2007). "Dependency Distance as a Metric of Language Comprehension Difficulty." Cognitive Science.
5. Universal Dependencies Project. <https://universaldependencies.org/>.
6. Jurafsky, D., & Martin, J. H., Speech and Language Processing. 3rd Edition.(2023) p-110

Г.А. Сағиданова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс магистранты,
Қазақстан, Астана қ.,
E-mail: guldensagidanova@gmail.com*

«БАРАҚ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ СИНТАКСИСТІК ҚАЙТАЛАМАЛАР

Аннотация. Стаття посвящена анализу синтаксических повторов в казахском эпосе «Барак батыр», который представляет собой яркий образец традиционного героического эпоса. Автор рассматривает виды синтаксических повторов (лексический повтор, синтаксический параллелизм, анафору и эпифору) и их художественную роль. Особое внимание уделено функции повторов в создании образа Барака батыра, ритмической организации эпоса и его эстетической значимости. Работа подчеркивает значимость исследования эпических повторов для раскрытия стилистических и лингвистических особенностей казахской литературы.

Ключевые слова: эпос, Барак батыр, синтаксический повтор, художественный стиль, анафора, эпифора, синтаксический параллелизм, лексический повтор.

Abstract. This article explores the syntactic repetitions in the Kazakh epic “Barak Batyr,” a prominent example of traditional heroic poetry. The study analyzes different types of syntactic repetitions (lexical repetition, syntactic parallelism, anaphora, and epiphora) and their artistic functions. Special attention is paid to how these repetitions enhance the portrayal of Barak Batyr, contribute to the rhythmic structure of the epic, and enrich its aesthetic value. The article highlights the importance of examining epic repetitions to uncover the stylistic and linguistic characteristics of Kazakh literature.

Keywords: epic, Barak Batyr, syntactic repetition, artistic style, anaphora, epiphora, syntactic parallelism, lexical repetition.

Қазақтың ауыз әдебиеті – халық дүниетанымын, оның мәдени және рухани құндылықтарын бейнелейтін тарихи-әдеби мұра. Батырлар жыры осы жанрдың маңызды бөлігін құрайды және оның көркемдік ерекшеліктерін зерттеу – ұлттық әдебиеттанудың негізгі бағыттарының бірі. «Барақ батыр» жыры – тарихта ойып орын алған Барақ Шүркеұлының көзсіз ерлігін сипаттайтын туынды. Онда батырдың ерлігі мен халқына деген адалдығы дәріптеледі. Бұл – тек әдеби шығарма ғана емес, қазақ халқының рухани мұрасының маңызды бөлігі. Барақ батыр XVIII ғасырдың басында өмір сүріп, жоңғарларға қарсы азаттық соғыстарға белсене қатысқан. Бұл кезең қазақ халқы үшін өте ауыр болған. Жоңғарлардың үздіксіз шапқыншылықтары халықтың тіршілігін күйзелтіп, көптеген жерлерді жаулап алуға бағытталған еді. Сол уақытта Барақ батыр сияқты ержүрек тұлғалар елді жаудан қорғап, жерін сақтау үшін аянбай күресті. Жырдың толық нұсқасы «Бабалар сөзі» сериясының 60-томында жарияланған. Қазақ әдебиетін зерттеуші М.Мағауин батырлық жырларды «қазақтың рухани тарихының айнасы» деп атаған. Оның пікірінше, «Барақ батыр» жыры батырлардың тұлғалық бейнесін ашып қана қоймай, олардың заманының саяси-әлеуметтік жағдайын бейнелейді [1, 45-47]. Ал, әдебиеттанушы С. Сейітов «Қазақ эпосындағы қайталамалар шығарманың әуезділігін арттырып, тыңдаушыға мәтіннің мазмұнын тереңірек жеткізуге қызмет етеді», – деп есептейді. Оның ойынша, «Барақ батыр» жырындағы синтаксистік қайталамалар – батыр бейнесін нақтылау мен ұлттық дүниетанымды бейнелеудің маңызды тәсілі [2, 91].

Жырдың көркемдік құрылымында синтаксистік қайталамалар ерекше орын алады. Олар дәстүрлі жыршылық өнердің көркемдік заңдылықтарын айқын көрсетеді. Бұл әдістердің жыр мәтініндегі орны мен қызметін зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін түсінуге болады.

Синтаксистік қайталама – белгілі бір сөздер мен сөйлемдердің қайталанып, мәтіннің ырғақтылығы мен мағыналық жүктемесін арттыруға бағытталған көркемдік тәсіл. Бірдей немесе ұқсас синтаксистік құрылымдардың мәтін ішінде бірнеше рет қайталануы әдебиетте

мағынаны күшейту, эмоциялық әсерді арттыру, шығарманың ырғақтық құрылымын реттеу үшін қолданылады. Синтаксистік қайталамаларды зерттеу қазақ эпосының стилистикасын ашуда маңызды рөл атқарады. Академик С.Қасқабасов эпос тілінің қайталамаға бай екенін атап өтіп, оны батырлық жырлардың ерекшелігі ретінде сипаттайды. Ғалымның еңбектерінде қайталамалардың эпостың ауызша айтылу дәстүрімен байланысты екені көрсетілген: «Қайталама – жырдың халық ауыз әдебиетіне тән ерекшелік. Бұл тәсіл тыңдаушының назарын күшейтуге және мәтіннің мағыналық біртұтастығын қамтамасыз етуге қызмет етеді» [3, 128-129]. Академик Р.Сыздық «Қазақ эпосындағы қайталамалар жырдың поэтикалық жүйесін құрайды», – деп атап көрсетеді. Оның айтуынша, «Барақ батыр» жырындағы қайталамалар батырдың бейнесін толықтырумен қатар, шығарманың ырғақтық құрылымын реттейді [4, 205].

Әдебиеттану ғылымында қайталамалардың бірнеше түрі ажыратылады:

- Лексикалық қайталама – сөздің бір сөйлемде немесе бірнеше жолда қайталануы;
- Синтаксистік параллелизм – құрылымдық ұқсастық негізінде бірнеше сөйлемнің бірізділігі;

- Анафора – сөйлемнің немесе жолдың басында сөздердің қайталануы;
- Эпифора – сөйлемнің немесе жолдың соңында сөздердің қайталануы.

Бұл тәсілдер көркем шығармадағы эмоционалдық әсерді күшейтіп, оның идеялық мазмұнын тереңдетеді. «Барақ батыр» жырында бұл әдістер батырдың тұлғалық қасиеттерін, оның ерлігін және тарихи оқиғалардың маңыздылығын ашуда маңызды рөл атқарады.

«Барақ батыр» жырындағы синтаксистік қайталамалардың түрлеріне тоқталайық.

Лексикалық қайталама. «Барақ батыр» жырында батырдың есімі бірнеше мәрте қайталанып отырады. Бұл тәсіл оның орталық бейне ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Мысалы:

«Барақ батыр қол жинады,
Барақ батыр жауға шықты» [5, 79].

«Барақ батыр жол салды,
Барақ батыр қол бастады,
Барақ батыр ел қорғады» [5, 85].

«Барақ шапты қайтпады,
Барақ айтты жалтармады» [5, 95].

«Қалмақты қырып, ел қорғап,
Қалмақты қуып, жер қорғап» [5, 88].

Бұл қайталамалар батырдың тарихи рөлін ерекше атап, оның әрекеттеріне баса назар аударуға ықпал етеді. Бұл қайталамада батырдың басты әрекеттері нақты көрсетіліп, оның бейнесі тереңдетіледі. Академик С.Қасқабасов бұл туралы: «Лексикалық қайталамалар эпос тыңдаушысының көңілін орталық кейіпкерге аударып, мәтіннің басты идеясын күшейтеді», – деп жазған [3, 129].

Синтаксистік параллелизм. Жырда батырдың мінезін сипаттауда синтаксистік параллелизм кеңінен қолданылады:

«Шаршамайды күн-түн демей,
Талмайды елін қорғап» [5, 112].

«Жерін қорғады ерлерше,
Елін сақтады белше» [5, 115].

«Атқа қонды ел үшін,
Қылыш сермеді жер үшін» [5, 95].

Бұл құрылым батырдың шаршамас қайраттылығын, оның қайсарлығын айқын сипаттайды. Синтаксистік параллелизм жырдың ырғақтық тұтастығын қамтамасыз етеді. Академик Р.Сыздық бұл әдісті «батырдың физикалық және рухани күшін ашудағы маңызды тәсіл» деп есептейді [4, 207].

Анафора және эпифора. Анафора мен эпифора жырдың эстетикалық мәнін арттыру үшін жиі қолданылады. Анафора – қайталаманың ең жиі кездесетін түрлерінің бірі. Мысалы:

«Ел үшін туған ер еді,
Ел үшін жауға шапты» [5, 134].

Бұл анафора жырдың идеялық мазмұнын күшейтеді және батырдың халық алдындағы борышын ерекше көрсетеді.

«Жерін қорғаған ер еді,
Жерін сақтаған ер еді,
Жерін сүйген ер еді» [5, 137].

Бұл мысал – анафораның да, эпифораның да жарқын көрінісі. Екі тәсілдің бірге қолданылуы осы үзіндінің көркемдік қуатын күшейтіп қана қоймай, оның есте оңай жатталуына әсер етеді.

Эпифора көбінесе жырдың эмоционалдық әсерін күшейту үшін қолданылады. Мысалы:

«Батыр туған халықтың,
Қорғаушысы болған халықтың» [5, 153].

«Жауға шапқан Барақ,
Елін қорғаған Барақ» [5, 137].

«Елін сүйген батыр,
Жерін сүйген батыр» [5, 172].

Бұл әдіс батырдың ерлігін айшықтап, шығарманың эстетикалық әсерін арттырады. Анафора мен эпифораның үйлесімділігі тыңдаушыға жырдың мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және шығарманың эстетикалық құндылығын арттырады.

Риторикалық қайталама. Бұл тәсіл сұрақ немесе үндеу арқылы батырдың тұлғалық қасиеттерін айқындайды. Мысалы:

«Кімдей батыр табылды?
Кімдей елін сақтады?» [5, 178].

«Қайдан шықты батыр?
Қалай шықты батыр?» [5, 188].

Бұл риторикалық қайталамалар тыңдаушының қызығушылығын оятып, жырдың әсерлілігін арттырады. Нақты осы мысалда тыңдаушыға ой салып, оның батырға деген құрметін күшейтуге бағытталған.

Синтаксистік қайталамалар – батырдың ерлігі мен адамгершілік қасиеттерін бейнелейтін негізгі көркемдік құралдардың бірі. Олар Барақ батырдың қайраткерлік болмысын тереңірек көрсетуге ықпал етеді. «Барақ батыр» жырындағы қайталамалар оның әуезділігін күшейтіп, жаттап алуға ыңғайлы етеді. Бұл тәсіл қазақ ауыз әдебиетінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жырдағы синтаксистік қайталамалар батырдың тарихи рөлін көрсетумен қатар, қазақ халқының жаугершілік замандағы күрескерлік рухын бейнелейді. Бұл тәсіл тарихи оқиғалардың маңызын айқындауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, «Барақ батыр» жырындағы синтаксистік қайталамалар – батырлық эпостың көркемдік құндылығын арттыратын маңызды тәсілдердің бірі. Олар батыр бейнесін тереңдетіп, жырдың мазмұнын байытады. Сонымен, «Барақ батыр» жырындағы синтаксистік қайталамалардың мынадай қызметін бөліп көрсете аламыз:

Образды күшейту. Қайталамалар Барақ батырдың бейнесін анық көрсетіп, оның ерлігі мен тұлғалық қасиеттерін тереңірек ашады.

Ритмикалық тұтастықты қамтамасыз ету. Қайталамалар жырдың ритмикалық және музыкалық құрылымын үйлестіріп, оны жаттап алуға жеңілдетеді.

Эмоциялық әсерді күшейту. Синтаксистік қайталамалар арқылы жыр тыңдаушыны оқиғалардың тереңіне тартып, батырға деген құрметін арттырады.

Тарихи оқиғаларды бейнелеу. Қайталамалар батырдың халық алдындағы тарихи рөлін ашып көрсетеді және оның замандастары үшін маңызын айқындайды.

Қайталамалар жырдың эстетикалық әсерін күшейтіп, оның тарихи-танымдық маңызын арттырады. Бұл әдістерді зерттеу қазақ әдебиетінің стилистикалық ерекшеліктері мен оның даму заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Батырлар жырындағы синтаксистік қайталамаларды зерттеу қазақ эпосының тілдік және поэтикалық ерекшеліктерін терең ашуға жол ашады.

Әдебиеттер

- 1 Мағауин М. Қобыз сарыны: көне дәуір әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1968. – 198 б.
- 2 Сейітов С. Қазақ эпосының поэтикасы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 236 б.
- 3 Қасқабасов С. Қазақ эпосы: тарихи және әдеби тұрғыдан талдау. – Алматы: Ғылым, 2000. – 312 б.
- 4 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 356 б.
- 5 «Барақ батыр» жыры // Бабалар сөзі. 60-том. – Алматы: Рауан, 2009. – 408 б.

М. Серік

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
Қазақстан, Астана қ., e-mail: mserikovaaaa@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУДЕГІ ТИКТОК КОНТЕНТІНІҢ РӨЛІ

Аннотация. В этой статье исследуется влияние платформы ТикТок на популяризацию казахского языка. С использованием метода интервью анализируются тренды казахоязычного контента в ТикТок, его популярность среди молодежи и причины этого явления. На основе опыта и мнений участников интервью описываются возможности платформы в повышении интереса к изучению и использованию казахского языка, а также ее значение для реализации языковой политики. В статье особое внимание уделено потенциалу ТикТок в продвижении казахского языка как современного и актуального средства коммуникации.

Ключевые слова: казахский язык, социальные сети, языковая культура, языковая политика, социолингвистика, ТикТок, контент, стрим.

Abstract. This article explores the influence of the TikTok platform on the popularization of the Kazakh language. Using the interview method, it analyzes the trends of Kazakh-language content on TikTok, its popularity among youth, and the reasons behind this phenomenon. Based on the experiences and opinions of interview participants, the article highlights the platform's potential to increase interest in learning and using the Kazakh language, as well as its role in implementing language policy. Special attention is given to TikTok's capacity to promote the Kazakh language as a modern and relevant tool for communication.

Keywords: Kazakh language, social networks, language culture, language policy, sociolinguistics, TikTok, content, stream.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілердің адам өміріндегі рөлі, олардың маңызы мен қызметі, әлеуметке ықпалы, сондай-ақ келтірер зияны зерттеу нысанына алынуда. Әлеуметтік желілер адамдардың қарым-қатынас жасау тәсілдерін, ақпаратты тарату, қабылдау, жұмыс жүйесін, тіпті өмір сүру салтын түбегейлі өзгертті десек болады. Бұл құбылыс тіл ғылымын да айналып өтпеді. Әлеуметтік лингвистика, яғни тілдің әлеуметтік факторлармен байланысын зерттейтін ғылым саласы, әлеуметтік желілердің тілге ықпалын, оның тіл мәдениетіне әсерін жиі талдауда.

Академик Р. Сыздықтың пікірінше, тіл мәдениеті – сөздерді дұрыс әрі орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық) және тілді әсерлі жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын